

DOI 10.522  
ЭОЖ 336.719  
FTAMP 06.73.55

DOI: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2024-65-4-89-100>

**Исанов А.С.\***  
Докторант PhD  
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті  
Қарағанды, Қазақстан  
E-mail: armanissanov@mail.ru

**Сембеков А.К.**  
э.ғ.д., профессор  
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті  
Қарағанды, Қазақстан

**Колчин С.П.**  
э.ғ.д., профессор  
Г.В. Плеханов атындағы РЭУ  
Мәскеу, Ресей Федерациясы

## ҚР БАНК СЕКТОРЫ МЕН ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛДАУ

**Аңдатпа.** Осы зерттеу шеңберінде біз кредиттеу ауқымы, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), сондай-ақ шағын және орта бизнесті және Қазақстанның жеке азаматтарын қаржыландыру және кредиттеу деңгейі сияқты негізгі экономикалық көрсеткіштерге терең және жан-жақты талдау жүргізіледі. Ұлттық және шетел валютасындағы операцияларға ерекше назар аударылатын болады, бұл ел экономикасының жай-күйін дәлірек бағалауға мүмкіндік береді

Зерттеудің мақсаты ҚР-ның банк секторы мен экономиканың нақты секторы арасындағы қаржы-экономикалық қарым-қатынастарын зерттеу және талдау арқылы ағымдағы кезеңдегі даму деңгейлерін анықтаумен қатар, туындаған мәселелері негізінде өзара іс-әрекеттесімкерін жетілдіруде ұсыныстар беру болып табылады.

Зерттеуде салыстыру, сандық және графикалық бейнелеу, ғылыми зерттеудері негізінде жалпылау, сараптамалық бағалау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері проблемалық несиелер бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелер және мұндай несиелердің едәуір бөлігі банк жүйесі мен нақты экономика арасындағы өзара әрекеттесуді бұзатынын анықтады. Салыстырмалы талдау қорытындысы осы мәселені жақсартудың әлеуетін анықтап, отандық банк секторында бірқатар реформаларды жүргізу қажеттілігін көрсетті.

**Түйін сөздер:** банк секторы, нақты сектор, экономика, кредиттер, ЖІӨ, несиелеу, қаржылық тұрақтылық.

### ■ Кіріспе

Банк секторы мен Қазақстан Республикасы экономикасының нақты секторы арасындағы өзара іс-қимыл мұқият зерттеу мен талдауды талап ететін маңызды ғылыми мәселе болып табылады.

Отандық банк жүйесі жалпы нақты экономиканың қарқынмен дамуына мүмкіндік беретін «драйвері» екенін ескере отырып, мемлекеттің экономикасының өсуіне және өркендеуіне айтарлықтай әсер етеді. Зерттеулі тақырып Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімде орнықты дамытуда ажырамас тетігі бола отырып, қаржылық тұрақтылықты нығайту, банк активтерінің, кредит қоржынының сапасын оңтайландыру, шағын және орта бизнес саласын қаржы-несиелік құралдармен қамтамасыз етуді негіздейді.

Мақаланың мақсаты банк секторының негізгі мәселелерін зерделеу және оған қатысты ұсынымдар жасау арқылы оның нақты экономика секторын даму екінін анықтау болып табылады. Яғни зерттеу барысында отандық банк секторының жалпы жай-күйін кешенді талдау арқылы баға беру және туындаған мәселелерді талқылау әрі ұсынымдар беруі қарастырылады.

Зерттеу әдістеріне статистикалық деректерді талдау, салыстырмалы талдау және эконометрикалық модельдеу жатады. Деректер көзі Қазақстан Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми жарияланымдары, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарының есептері болып табылады. Сипаттамалық статистиканы пайдалану негізгі үрдістер мен өзгерістерді ескеруіне жағдай жасау, сонымен қатар салыстырмалы талдау негізінде отандық банк секторының маңызды деген көрсеткіштерді бағалау маңызға ие болды.

Тиісінше қарастырылған зерттеулердің қорытындылары отандық банк секторы мен нақты экономика секторының өзара оңтайлы әрекеттестігін талдап, олардың келешекте қарым-қатынастарының жоғары деңгейге алып келетін әзірленген ұсынымдар одан әрі нығайтушы факторы ретінде қала бермек.

### ■ Әдебиетке шолу

Отандық банк секторының және нақты экономика секторының өзара іс-әрекеттестігі кез-келген зерттеушілер үшін ой тоқитын өзекті мәселесіне айналғаны заңды жағдай. Осы тұста Ш.Сарқамбаев пен Н.Сайлаубековтың (2023) мақаласында Қазақстанның ірі банктерінің өтімділігін талдау басты орын алады. Авторлар жеткілікті өтімділік тек техникалық көрсеткіш емес, бүкіл қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі фактор екенін атап көрсетеді. Бұл өз кезегінде банктердің бизнесті несиелендіруді қолдау қабілетіне тікелей әсер етеді, сондықтан экономикалық өсуді ынталандырады [1].

Банк секторы мен нақты экономика арасындағы өзара әрекеттесудің тағы бір маңызды аспектісін Г.Б. Алина (2024) зерттейді. Оның жұмысында Қазақстандағы ислам банкінің дамытуға баса назар аударылады. Алина исламдық қаржы құралдары әсіресе шағын және орта бизнес үшін маңызды баламалы қаржыландыру көздерін ұсынатынын атап өтті. Бұл елдің экономикалық дамуына елеулі үлес қоса отырып, нақты сектордағы қызмет үшін жаңа мүмкіндіктер ашады [2].

Сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономика контекстіндегі банк секторы мен нақты экономиканың өзара әрекеттесу мәселелері Нгуен мен Луонгтың (2020) зерттеуінде қарастырылады. Олардың Азия елдерін талдауға негізделген тұжырымдары Қазақстанға тікелей қатысы бар. Авторлар сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономиканың банк жүйесі арқылы теріс әсер ету арқылы нақты сектордың дамуына қалай нұқсан келтіретінін көрсетеді [3].

Сонымен қатар отандық зерттеушілерден бөлек Балқан түбегінің зерттеушілері Яковач пен оның әріптестері (2021) Хорватияның нақты экономика секторына және ЖІӨ-ге энергияны тұтыну мен қаржылық теткітері әсері жұмысын да атап өтуге болады. Зерттеуде аталған факторлар біздің мәселеге қатысты маңыздылығы жоғары. Яғни, отандық банктер таза энергияны өндіретін салаға тиімді несиелер беру арқылы нақты экономика секторының дамуына әрі елдің экономикалық өсу қарқынына тікелей әсер ете алады [4].

Зерттеуші Гласерова Ж. (2024) еңбегінің де нәтижелері банк секторын дамытуда және реформалауда зор үлесін көрсетті. Бұл зерттеуде автор банк секторында қаржылық және қаржылық емес есептілікті терең зерттей отырып, нақты секторының банк секторы мен басқа да қаржылық институттарына деген сенімділігін арттыруға үлесін қосады. Демек, осындай әрекеттер банк секторы мен нақты секторы арасындағы ұзақ мерзімді тиімді байланысты үлкейтеді [5].

Там, R.T. және Thuу, L.T. (2024) жүргізген пандемиядан кейінгі Вьетнамның коммерциялық банктерінің кредиттік саясатын талдау Қазақстан үшін де өзекті қорытындыларды ұсынады. Елдің экономикалық қалпына келуі жағдайында мұндай зерттеулер экономикалық белсенділікті сақтау үшін несиелік стратегияларды қалай бейімдеу керектігін түсінуге көмектеседі [6].

Қазақстанның банк секторындағы инновациялар мен цифрландырудың маңыздылығы А.С. Исанов пен А.К. Сембековтың (2024) жұмысында атап көрсетілген. Авторлар жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдерді енгізу тек тренд емес, нақты секторды қолдау және несиелі нарықтарының тиімділігін арттыру үшін қажетті шарт екенін атап өтті [7].

Осылайша, бұл зерттеулер банк секторы мен Қазақстанның нақты экономикасы арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі тереңдетіп зерделеу қажеттігін атап көрсетеді. Бұл шешілмеген мәселелерді анықтауға және елдің экономикалық болашағына елеулі әсер етуі мүмкін болашақ ғылыми әзірлемелер үшін басым бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді.

### ■ Негізгі бөлім

Қазақстан банк жүйесі әлемде болып жатқан дағдарыстар мен басқа да тәуекелдіктерді ескере отырып, маңызды даму қадамдарын жасау арқылы өзін сенімді, берік әрі заман талаптарына сай банк жүйесі ретінде көрсетті. Оған еуропалық және бақса да әлемдік сарапшылардың ой-пікірлері дәлел. Осы жерде отандық банк секторы банк жүйесінде уақытылы өзгерістер жасау арқылы, елдің банктік инфрақұрылымына халықаралық стандарттарды қосу және банк клиенттерінің салымдарына кепіл беру, ипотекалық қорды және несиелік бюроны құру, ақша-несиелік реттеу құралдырын тиімді пайдалану, жеке тұлғалардың банкроттығы және тағы басқа да нормативтердің қабылдануы сияқты маңызды істер атқарылды.

Одан бөлек елдің қаржы саласын мемлекеттік басқару мен реттеуді күшейте мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Қаржы нарығын бақылау және қадағалау комитеті арасында өкілеттіктерді тарату жүргізілді [7].

Бұл мақалада банктердің экономикадағы рөлін нығайтуға бағытталған қазіргі тенденцияларға талдау жасалады. Салыстырмалы талдау арқылы экономиканы несиелендірудің әртүрлі аспектілері қарастырылады, банк секторының кемшіліктері анықталады, сонымен қатар осы саланың алдында тұрған негізгі мәселелерге ерекше назар аударылады.

Тиісінше, ел экономикасы мен оның халқын кредиттеуді зерттеу контекстінде мынадай деректер келтіріледі (1-кестеге қараңыз).

1-кесте. ҚР ЕДБ экономикасына кредит берудің жалпы көлемі, млн.теңге\*

Бағыт	2021 ж	2022 ж	2023 ж
Кеңейтілген анықтамадағы экономикаға кредиттер, барлығы:	23 766 947	28 929 244	34 642 468
банк секторынан	20 544 330	24 773 243	29 803 996
басқа ұйымдардан	3 222 618	4 156 000	4 838 472
Экономикаға кредиттердің жалпы көлемінен:			
бизнес несиелері	12 783 308	14 433 439	16 463 806
ұлттық валютада	10 057 559	11 785 241	13 498 956
шетел валютасында	2 725 749	2 648 198	2 964 850
халыққа кредиттер	10 983 640	14 495 804	18 178 662
ұлттық валютада	10 966 352	14 490 042	18 174 902
шетел валютасында	17 288	5 762	3 760

\* ҚР ҰБ сайт материалдарынан

2021-2023 жылдар аралығындағы экономиканың әртүрлі секторларындағы Кредиттеу динамикасын талдау бірнеше маңызды үрдістерді анықтады. Екінші деңгейдегі банктер

(ЕДБ) мен банктік емес мекемелер берген несиелердің жалпы көлемі тұрақты өсуді көрсетті:

1. 2021 ж. – кредиттер көлемі 23,767 млрд теңгені құрады.
2. 2022 ж. – бұл көрсеткіш 28,929 млрд теңгеге дейін өсті.
3. 2023 ж. – сомасы 34,642 млрд теңгеге жетті.

Бұл сандар экономикадағы кредиттеу көлемінің үдемелі өсуін айқын көрсетеді, бұл ретте өсім жыл сайын шамамен 5-6 млрд теңгені құрайды. Бұл көрсеткіштердің артында не тұр? Біріншіден, біз несиелік белсенділіктің айтарлықтай кеңеюін көріп отырмыз, оны елемеуге болмайды. Алайда, бұл өсуді нақты не ынталандырады? Бұл бірнеше негізгі факторлардың нәтижесі болуы мүмкін:

- біріншіден, банк жүйесіне деген сенімді нығайту. Елестетіп көріңізші, несие көлемінің ұлғаюы қағаздағы сандар ғана емес. Бұл бизнес пен халықтың қаржы институттарына көбірек сенетіндігінің көрсеткіші. Бұл сенім, өз кезегінде, қарызға деген сұраныстың артуына жол ашады. Адамдар мен компаниялар сенген кезде олар несие алуға дайын, яғни банк жүйесі тиімді жұмыс істейді;
- екіншіден, экономикалық өрлеуді елемеуге болмайды. Инвестицияларға деген сұраныстың артуы кәсіпкерлік қызметтің қайтадан өсіп келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, әр түрлі салаларды қаржыландыру үшін қажет капиталға деген қажеттілік артып келеді. Шағын және орта бизнес, өнеркәсіп-барлығы осы секторлардың тұрақты дамуын көрсететін толық кеудемен тыныс ала бастайды;
- және үшіншісі, қаржы институттарымен көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайту, яғни банктер үздіксіз нысанда өз өнімдерін дамытуға, несиелеу шарттарын жетілдіруге, инновациялық технологияларды қолдануға тырысу тиіс. Сонымен қатар несиелеу үрдісін оңтайландыратын және қол жетімді ететін цифрлық үдерістерді қолдау маңызды. Ал ол өз тарапынан халықты да, бизнес саласының мамандарын да несиені мақсатты пайдалануға ынталандырады.

Аталған жоғарыдағы факторлар несиені тиімді банктік құралдан бөлек, елдің экономикалық өсіміне және жалпы нақты сектордың дамуына әсерін береді.


Отандық банк секторының несиелеу қабілеті мен көлемінің тұрақты өсуі ел экономикасының дамуына зор үлес қосып, басқа да салаларға қажет қаржылық ресурстар үшін қолжетімділігіне жоғары мүмкіндіктер беретіні сөзсіз. Демек, осындай үрдістер инвестицияларды тартуын ынталандыруда, еңбек және өндірістік қуаттарын жаңартуға және де бизнестік инновациялық жолмен дамуына өте маңызды факторы болуда.

Алайда, несиелендірудің осындай жылдам кеңеюімен байланысты ықтимал тәуекелдерді ескеру қажет. Макроэкономикалық тұрақсыздық жағдайында несиелерді қайтаруда қиындықтар туындауы мүмкін, бұл қарыз алушылардың да, банк мекемелерінің де қаржылық тұрақтылығына әсер етуі мүмкін. Банк секторының жалпы несиелері жыл бойынша келесідей бөлінеді:

- 2021 жылға: 20,544 млрд. теңге;
- 2022 жылға: 24,773 млрд. теңге;
- 2023 жылға: 29,804 млрд. теңге.

Банк секторы экономиканы қаржыландырудың негізгі көзі бола отырып, берілетін кредиттердің жалпы көлемінің едәуір үлесін қамтамасыз етеді [8]. Несиелеуде жетекші рөл атқаратын банктер екендігі таңқаларлық емес: қарыз қаражаттарының көп бөлігі олардан келеді. Зерттеу кезеңінде бұл үлес тұрақты түрде 80% – дан асты, бұл экономиканы қаржыландыру процесінде банктердің орталық маңыздылығын көрсетеді.

Динамикада көрсету үшін 1-суретте 2021, 2022 және 2023 жылдардағы банктердің экономикалық секторды несиелеу динамикасы көрсетілген, бұл олардың осы саладағы үстем жағдайының жалғасып келе жатқан тенденциясын көрсетеді.



1-сурет. Экономикаға кеңейтілген нысандағы кредиттер көлемі, млн. теңге \*


\* автормен құрастырылған

Осы кезеңде біз тек банк секторынан ғана емес, басқа қаржы ұйымдарынан да келетін несиелеудің айтарлықтай, тіпті қарқынды өсуін көріп отырмыз. Банктер берген кредиттер көлемі 2021 жылы 20,544 млрд теңгеден 2023 жылы айтарлықтай 29,804 млрд теңгеге дейін өсті. Тек ойланыңыз – бұл 45,1% өсім! Бірақ үрдіс мұнымен аяқталмайды. Басқа қаржы ұйымдары да артта қалмайды: олардың кредиттік көлемі 3,222 млрд теңгеден 4,839 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл 50,1%-ға өсуді білдіреді.

Бұл өсуге не түрткі болады? Әлбетте, бұл сандар тек құрғақ статистика емес. Олардың артында экономикалық қызметті жандандыру, бизнес пен халықтың ертеңгі күнге деген сенімі, дамуға, инвестициялауға және өсуге деген ұмтылысы жатыр. Бұл деректер қаржы институттарына деген сенім мен болашақ табыстар үшін тәуекелге баруға дайын екендігінің көрінісі.

Әрі қарай, экономиканы кредиттеудің жалпы көлеміндегі әр сектордың үлесін қарастырамыз (2-сурет).





2-сурет. Тұтастай алғанда экономиканы кредиттеудегі банк секторын және басқа ұйымдарды кредиттеу үлестері, % \*

\* автормен құрастырылған

Жылдар өте келе Қазақстан экономикасын кредиттеу көлемі ұлғаюу үстінде. Ия, қанша қиындықтар келсе де, дәлірек айтқанда әлемде болып жатқан қаржы-экономикалық дағдарыстар, бейэкономикалық шиеленістер мен адамазат өміріне қауіп төндіретін түрлі пандемияларына қарамастан, банк секторы өзінің тиімді әрекеттерін жалғастырып жатыр. Мысалы, 2022 жылдың аяғына несиелеу көлемін 23,764 млрд. теңгені құрады, ал 2023 жыл мен 2024 жылдар аяғына тиісінше 28,929 млрд. теңге және 34,643 млрд. теңге болды. Қарастырылып отырған кредиттеу көлемі жай статистика ғана емес, ол сонымен өатар отандық банк секторының қуаттылығын, беріктілігін, замаң талаптарына сай бейімділігін және ел азаматтары тарапынан жоғары дәрежедегі сепнімділігін айқындайды.

Енді жоғарыдағы абсолюттік тұрғыдағы талдаманы салыстырмалы түрінде көрсеткені маңызды болады. Айта кетсек, 2022 жылдың аяғына қарай жалпы несиелендірілген көлемінен банктік несиелену үлесін 86,44%-ын құрады, ал 2023 және 2024 жылдардың аяғына тиісінше 85,63% және 86,03% үлесін құрады. Демек, жалпы несиелену көлемінде банктік несиелендіру айтарлықтай өзекті сала болатынын дәлелдейді.

Әрине басқа да қаржы институттары экономиканы несиелендіруде үлестерін арттыруда. Осыған сай статистикалық мәліметтерге назар аударайық. Яғни, 2022 жылдың аяғына сай несиелеу үлесін 13,6%-ын құрады, ал 2023 және 2024 жылдардың аяғына тиісінше 14,4% және 14,0% үлестерін көрсетті.

Егер макроэкономикалық көрсеткіштерге қарасақ, Қазақстанның 2021, 2022 және 2023 жылдардағы ЖІӨ туралы деректері тұрақты өсуді көрсетеді, бұл қуанта алмайды. 2021 жылы ЖІӨ 81 269 230 млн. теңгені құрады. 2022 жылы ЖІӨ 103 765 518 млн. теңгеге дейін өсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 27,7%-ға артық. 2023 жылы ЖІӨ 2022 жылмен салыстырғанда 14,9%-ға ұлғайып, 119 251 165 млн. теңгеге жетті. ЖІӨ-нің бұл өсуі Қазақстан экономикасының дұрыс бағытта екендігінің айқын көрсеткіші болып табылады.


Жоғарыдағы салыстырмалы талдау негізінде экономикада болып жатқан үрдістер оң нәтижелерін көрсетіп жатыр. 2022 және 2023 жылдардың қорытындысы бойынша елдің ЖІӨ көрсеткішінің өсімі қарқындылығымен сипатталса, 2023 және 2024 жылдың аяғына

өсім бір қалыпты дәрежеде болды. Нәтижесінде өсім қарқынының динамикасы жағымды болып, мемлекет тарапынан жалпы банк секторы мен экономиканың нақты секторын қолдау саясатының тиімділігін көрсетеді (3-сурет).



3-сурет. ҚР ЖІӨ көлемі, млн. теңге \*  
\* автормен құрастырлығын

Экономиканы банктік сектор арқылы несиелендіру көлемін анықтай отырып, оның елдің ЖІӨ-дегі үлесін есептеуге мүмкіндік аламыз, бұл 4-суретте бейнеленген.



4-сурет. ҚР ЖІӨ-дегі кредит көлемінің үлесі, % \*  
\* автормен құрастырлығын

4-суретте 2021 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанның ЖІӨ құрылымындағы банктік кредиттеу үлесінің өсу серпіні көрсетілген. 2021 жылы бұл көрсеткіш шамамен

29,2% құрады, бұл банк жүйесінің елдің экономикалық қызметіне қосқан елеулі үлесін көрсетеді. 2022 жылы үлестің 27,9%-ға дейін аздап төмендеуі байқалды, бұл несиелеу көлемімен салыстырғанда ЖІӨ-нің жылдам өсуімен түсіндірілуі мүмкін. 2024 жылдың соңына қарай банкпен ұсынылған несиелер үлесі 29% құрып, банк секторының экономиканы қаржыландыруда рөлінің артқанын байқаймыз. Аталмыш өзгерістер банк секторы мен нақты экономикалық секторының өзара іс-әрекеттестігінің ұлғаюын дәлелдейді [9].

2022 жылдың мәліметтері бойынша ЖІӨ көрсеткіші үлесінде банктік несиелер айтарлықтай төмендеуіне қарамастан экономиканы қаржылық қолдаудың негізгі элементі қала берді. Бұл әсіресе стратегиялық маңызды салалар үшін несиелік қолдауды одан әрі белсенді ынталандырудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл тәсіл теңдестірілген экономикалық өсуді қамтамасыз ету және несиелеу дәрежесінің шамадан артық асып кету нәтижесінде нарықтың «қызып» кетуден сақтаумен қатар банк секторымен ұсынылатын несиелердің көлемі мен сапасы балансын оңтайлы түрінде сақтауға жақсы мүмкіндіктер береді.

Заман талаптарына сай жаңашылдықты қолдау өзектілігі артуы есесінен банкпен цифрлық өнімдерді ойлап табу және қолдану жаңа деңгейге жетті. Нәтижесінде экономикаға және оның агенттеріне банкпен ұсынылатын өнімдердің сапасы, қолжетімділігі және жеделдігі жоғарылап оның инклюзивтілігі өседі. Сонымен қатар халық арасында қаржылық сауаттылықты арттыру әрекеттері жалғасын табу керек. Осындай үрдістер дамумен қатар қаржылық операцияларды нысанға алатын түрлі алаяқтық істердің алдын алуды қажет етеді. Демек осындай бірлескен іс-әрекеттер банк секторына деген сенімділігін артып, олармен ұсынылатын қызметтерінің сапасын арттырып, экономиканың одан әрі жедел өсуіне септігін тигізеді.

Алайда, Қазақстанның банк жүйесін дамытудың оң жақтарына қарамастан, елдің экономикалық өсуіне теріс әсер етуі мүмкін елеулі проблемалар бар (2-кестеге қараңыз).

2-кесте. Қазіргі уақытта банк секторының кемшіліктерінің тізімі

№	Кемшіліктер
1	Банк секторындағы маманданған мекемелердің заңсыз іс-әрекеттері
2	Кредиттік ұйымдардың жұмысы туралы ақпаратты бұрмалауға әкелетін есепке алу мен есептіліктің дәл еместігі
3	Кейбір жағдайларда тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқаруды қамтитын қанағатсыз менеджмент
4	Несиелік ресурстардың шектеулігі және олардың негізінен қысқа мерзімді сипаты
5	Кредиттік ұйымдардың бейінді емес (әкімшілік) шығыстарының жоғары деңгейі
6	Несиелік тарих деректерінің бірыңғай базасының жоқтығы

\* автормен құрастырылған

Банк секторының алдында тұрған ішкі мәселелер шынымен де үлкен алаңдаушылық тудырады. Бір қарағанда, бұл стандартты қиындықтар туралы болып көрінуі мүмкін, бірақ олардың әрқайсысының артында банк жүйесінің әлеуетін едәуір шектейтін факторлардың терең жиынтығы жатыр. Бұл туралы толығырақ тоқталайық.

Қаржылық ресурстардың шектеулілігі және олардың қысқа мерзімді сипаты ұзақ мерзімді мақсаттар қол жетімсіз болып көрінетін қысқа қашықтықтағы тыныс алу сияқты. Тар инвестициялық мүмкіндіктерге бағытталған экономикалық құрылым да өз рөлін атқарады, дамуды тежейді және әкімшілік шығындарда ресурстардың едәуір көлемін қалдырады, бұл алға жылжуға ықпал етпейді.

Банк саласындағы алаңдаушылық тудырған заңсыз әрекеттерді де атап өту қажет. Дәстүрлі банктердің жанында қаржылық қызмет көрсететін, бірақ іс жүзінде реттел-



мейтін «ұйымдар» пайда болған кезде, біздің азаматтары үшін нақты қауіп төндіруде. Бұл «ұйымдар» заңнамадағы кемшіліктерін пайдалана отырып, алаяқтық іс-әрекеттерін жалғастырып жатыр.

Түрлі тәуекелдіктерді анықтай отырып, банк секторында туындайтын келесідей мәселелерді сипаттауға болады:

Біріншіден, банк секторындағы маманданған қаржылық ұйымдардың заіға қайшы келетін қызметтер орындау: бұл жерде аталмыш «ұйымдар» өз мақсаттары мен мүддесі үшін заңға теріс әрекеттерге маманданып, банк жүйесіне деген сенімділігін төмендетеді әрі экономика үшін дағдарыстық қауіп сейілтеді.

Екіншіден, жалпы есептілікті өз мүддесі үшін бұрмалау әрекеттері. Яғни қасақана, әдейі, немесе немқұрайлылықпен және жауапкершіліксіздікпен есептер мен ақпараттарды әзірлеп тапсыру жолдарын аса ескерушілікпен қарау. Нәтижесінде банк жүйесіне деген сенімі жоғалып, сырттан инвестицияларды тартуға және инвестицияларды сыртқа шығаруға үлкен қиындықтар әкеледі.

Үшіншіден, банк мамандарымен тәуекелдерге айтарлықтай назарларын аудармау. Тәуекелді анықтау, есептеу және оны реттеу әрекеттік қадамдары бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналды. Осы мәселеге қатысты қаржылық ресурстардың аз бөлінуі немесе бөлінбеуі тәуекелді одан әрі ушықтырып, банк саласында тұрақсыздық пен тиімсіз басқарушылық шешімдерді алып келуіне соқтырады.

Төртіншіден, несиелік ресурстардың тапшылығы әрі оның қысқа мерзімділігі есебінен банктердің басым бөлігі қысқа мерзімді несиелерді ұсынуына тәуелді, сондықтан да банктер үшін ұзық мерзімді несиелеуге қатысты жоспарларды құруына мүмкіндіктері жоқ. Яғни олардың мүмкіндіктерін шектейді және тұрақтылыққа кедергі келтіреді.

Бесіншіден, әкімшілік шығындардың жоғары деңгейі: қаражаттың едәуір бөлігі негізгі емес шығындарға кеткенде, бұл жалпы тиімділікті төмендетеді және одан әрі өсу мүмкіндіктерін шектейді.

Алтыншыдан, несиелік тарихтың бірыңғай дерекқорының болмауы: орталықтандырылған жүйесіз клиенттердің нақты несиелік қабілеттілігін анықтау қиын. Осыған сай тәуекелдер деңгейінің артуына және несие нарығының қарқынды дамуына бөгет жасайды.

Жоғарыда сипаттап аталған мәселелерді тек тұрақты әрі ұзақ мерзімді қаржыландыру арқылы ғана шешуге мүмкін. Яғни осы мәселелерді кешенді реттеу арқылы банк секторы мен нақты экономика секторлары арасындағы өзара іс-әрекеттестігін тиімді деңгейге жеткізуге болады.

## ■ Қорытынды

Зерттелінген мәселені қорытындылай келе, банк секторының экономиканың нақты секторын несиелеудің айтулы позицияда екенін анықтаймыз. Дегенмен, аталмыш саланы несиелендіру мен қаржыландыруда банк секторында бірқатар кемшіліктері мен қиындықтары бар екенін көреміз. Атап өткен мәселелердің алдын алу үшін жұмыстың тиімділігін едәуір арттыруға және Қазақстанның банк жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға мүмкіндік береді.

Банк секторын жетілдіру үшін бірнеше негізгі бағыттарды бөлуге болады, олардың әрқайсысы тұрақты дамуды қамтамасыз етуде өзіндік ерекше рөл атқарады:

1. Корпоративтік басқаруды жетілдіру: яғни корпоративтік басқару жүйесінің мықты деген үлгілерін интеграциялау, Директорлар кеңесінің корпоративтік басқаруда рөлдерін арттырумен қатар ішкі бақылау мен тәуекел менеджментінің озық тетіктерін дамыту – аталғандардың барлығы оңтайлы басқарушылық шешімдер табудың сенімді жолы болып табылады [10].

2. Көрсетілетін қызметтердің ашықтығы: банкпен орындалатын қаржылық пен бухгалтерлік есептілікті рәсімдеуде сапалық белгілеріне назар аудару нәтижесінде нарық субъектілеріне нақты әрі түсінікті ету басты мақсатына айналуы тиіс.

3. Банк секторы қызметіне халықаралық стандарттарды енгізу: аталмыш салада бухгалтерлік пен қаржылық есептіліктерін қолдану – әлемдік жүйеге деген бет бұрыс, яғни бүкіл әлемдік стандарттарды қабылдап, қаржы-банктік жүйесінде қолдануы арқылы халықаралық сахнада беделіміздің және сенімділігіміздің жоғарылауына мүмкіндіктер туындайды.

4. Цифрлық технологиялар мен IT-инфрақұрылымды дамыту: цифрлық технологияларға инвестиция салу-болашаққа апаратын жол. Банктік қызметтердің қолжетімділігін арттыру, алаяқтықпен күресу және тәуекелдерді басқаруды күшейту – мұның бәрі заманауи IT шешімдерінің арқасында мүмкін. Цифрландырусыз банктер өткенде қалу қаупі бар.

5. Нарықты әртараптандыру: қаржылық интеграцияны күшейту үшін әр түрлі сегменттерге, соның ішінде шағын және орта бизнеске бағытталған жаңа қаржылық өнімдер мен қызметтерді әзірлеу қажет. Бұл жай ғана ассортиментті кеңейту емес, бұл клиенттердің әр тобының қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілі.

6. Реттеушілік негізін нығайту: еліміздің нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру есебінен реттеушілік пен басқарушылықты оңтайландыруы жүреді. Яғни, сапалы әрі жетілдірілген ережелер – тиімді реттеу.

7. Қызметкерлердің кәсібилігін дамыту: үзіліссіз нысанда қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру – адами капиталды қаржыландыруды қолдау. Демек, тек біліктілігі жетілген қызметкерлер ғана банктерді ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті етеді.

8. Банк қарамағындағы активтер мен міндеттемелерді басқаруды жақсарту: біз білетініміздей банк үшін активтер мен міндеттемелердің балансын және сапасын қадағалау – тұрақты кіріс пен шығындар балансын тиімді реттеу негізі болып табылады. Яғни осы әрекеттерді басқарудың тиімді тетіктерін қолдануды көздейді.

Осы шаралардың барлығы қазақстандық банктердің операциялық тиімділігін едәуір арттырып, олардың қаржылық тұрақтылығын нығайтып, елдің экономикалық дамуына елеулі үлес қоса алады.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Sarkambayeva Sh., Sailaubekox N. The largest banks and their liquidity the case of Kazakhstan [электронный ресурс]. – URL: <http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/filevestnik/ae4fcd8cfb00f096ef42b6747096dae8.pdf>
2. G.B. Alina – Modern trends in the development of Islamic banking: foreign and domestic experience [электронный ресурс]. – URL: <http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/filevestnik/891858569e99cf72ae0ce74c7533c8de.pdf>
3. Nguyen, T.A.N., Luong, T.T.H. (2020), "Corruption, Shadow Economy and Economic Growth: Evidence from Emerging and Developing Asian Economies", Montenegrin Journal of Economics, Vol. 16, No. 4, pp. 85-94.
4. Jakovac, P., Kutnjak G., Miljenovic, D. (2021), "GDP, Electricity Consumption and Financial Development in Croatia: An Empirical Analysis", Montenegrin Journal of Economics, Vol. 17, No. 4, pp. 35-43
5. Gláserová, J., Otavová, M., Blazkova, A. (2024), "Non-Financial Reporting by Banks in the Context of Current Development", Montenegrin Journal of Economics, Vol. 20, No. 2, pp. 117-130.
6. Tam, P.T., Thuy, L.T. (2024), "Financial Capacity Affecting the Credit Lending Activities at the Commercial Banks Post-Covid-19 in Vietnam", Montenegrin Journal of Economics, Vol. 20, No. 2, pp. 7-17.
7. Исанов А.С., Сембеков А.К., Төлеуұлы А., Жұмабаева Ш.Б., Күлдеева А.Т. Цифрлық экономика жағдайындағы отандық банк секторындағы несие беру үрдісі және несие нарығына талдау. Қарағанды университетінің хабаршысы. «Экономика» сериясы. 95-105 б.б.
8. ҚРҰБ сайты материалдарынан [электрондық ресурс]. – URL: <https://www.nationalbank.kz/ru/news/banks-performance/rubrics/2186>
9. Исанов А.С., Колчин С.П., Сембеков А.К. БАНКОВСКОЕ КРЕДИТОВАНИЕ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ: ТЕНДЕНЦИИ, НЕДОСТАТКИ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ. Материалы за XXI международна научна практична конференция, Найновите постижения на европейската наука, 17-25 юни, 2024: София. «Бял ГРАД-БГ» – 192 с.
10. Кулумбетова Д.Б., Маулина Н.Х., Асанова А.Б., ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ КАЗАХСТАНСКОГО БАНКОВСКОГО СЕКТОРА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ РАЗВИТИЯ [электронный ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovaya-transformatsiya-kazahstanskogo-bankovskogo>

## REFERENCES

1. Sarkambayeva Sh., Sailaubekov N. The largest banks and their liquidity the case of Kazakhstan [elektronnyy resurs]. – URL: <http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/filevestnik/ae4fcd8cfb00f096ef42b6747096dae8.pdf>
2. G.B. Alina – Modern trends in the development of Islamic banking: foreign and domestic experience [elektronnyy resurs]. – URL: <http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/filevestnik/891858569e99cf72ae0ce74c7533c8de.pdf>
3. Nguyen, T.A.N., Luong, T.T.H. (2020), "Corruption, Shadow Economy and Economic Growth: Evidence from Emerging and Developing Asian Economies", Montenegrin Journal of Economics, Vol. 16, No. 4, pp. 85-94.
4. Jakovac, P., Kutnjak G., Miljenovic, D. (2021), "GDP, Electricity Consumption and Financial Development in Croatia: An Empirical Analysis", Montenegrin Journal of Economics, Vol. 17, No. 4, pp. 35-43.
5. Gláserová, J., Otavová, M., Blazkova, A. (2024), "Non-Financial Reporting by Banks in the Context of Current Development", Montenegrin Journal of Economics, Vol. 20, No. 2, pp. 117-130.
6. Tam, P.T., Thuy, L.T. (2024), "Financial Capacity Affecting the Credit Lending Activities at the Commercial Banks Post-Covid-19 in Vietnam", Montenegrin Journal of Economics, Vol. 20, No. 2, pp. 7-17.
7. Isanov A.S., Sembekov A.K., Toleuuly A., Zhumabaeva Sh. B., Kuldeeva A.T. Tsifriyq ekonomika zhaǵdayndaǵı otandyq bank sektoryndaǵı nesie beru protsesi jáne nesie nariǵına taldau. Qaraghandy universitetiniń habarsyysy. «Ekonomika» seriyasy. 95-105 b.b.
8. QR UB sayty materialdarynan [elektronnyy resurs]. – URL: <https://www.nationalbank.kz/ru/news/banks-performance/rubrics/2186>
9. Isanov A.S., Kolchin S.P., Sembekov A.K. Bankovskoe kreditovanie ekonomiki Kazakhstana v usloviyakh tsifrovoy transformatsii: tendentsii, nedostatki i puti sovershenstvovaniya. Materialy za XXI mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya, Naynovite postizheniya na evropeyskata nauka, 17-25 iyunya, 2024: Sofiya. «Byal GRAD-BG» – 192 c.
10. Kulumbetova D.B., Maulina N.Kh., Asanova A.B., Tsifrovaya transformatsiya kazakhstanskogo bankovskogo sektora na sovremennom etape razvitiya [elektronnyy resurs]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovaya-transformatsiya-kazakhstanskogo-bankovskogo>

**Исанов А.С.\***

Докторант PhD  
 Карагандинский университет Казпотребсоюза  
 Караганда, Казахстан  
 E-mail: armanissanov@mail.ru

**Колчин С.П.**

д.э.н., профессор  
 РЭУ имени Г.В.Плеханова  
 Москва, Российская Федерация

**Сембеков А.К.**

д.э.н., профессор  
 Карагандинский университет Казпотребсоюза  
 Караганда, Казахстан

## СВЯЗЬ МЕЖДУ БАНКОВСКИМ СЕКТОРОМ РК И РЕАЛЬНЫМ СЕКТОРОМ ЭКОНОМИКИ И ЕГО АНАЛИЗ

**Аннотация.** В рамках данного исследования мы намерены провести глубокий и всесторонний анализ основных экономических показателей, таких как масштаб кредитования, валовой внутренний продукт (ВВП), а также уровень финансирования и кредитования малого и среднего бизнеса и частных граждан Казахстана. Особое внимание будет уделено операциям в национальной и иностранной валюте, что позволит более точно оценить состояние нашей экономики

Целью исследования является предоставление рекомендаций по совершенствованию взаимодействия на основе возникающих проблем, наряду с определением уровней развития на текущий период посредством изучения и анализа финансово-экономических отношений между банковским сектором РК и реальным сектором экономики.

В исследовании использовались методы сравнения, количественного и графического изображения, обобщения на основе научных исследований, экспертных оценок.

Результаты исследования показали, что несмотря на принимаемые усилия, высокие процентные ставки по проблемным кредитам и значительная часть таких кредитов продолжают нарушать взаимодействие между банковской системой и реальной экономикой. Сравнительный анализ выявил потенциал улучшения, а также необходимость проведения ряда реформ в отечественном банковском секторе.

**Ключевые слова:** банковский сектор, реальный сектор, экономика, Казахстан, кредитование, ВВП, финансовая стабильность.

**Isanov A.S.\***

PhD student

Karaganda University of Kazpotrebsoyuz

Karaganda, Kazakhstan

E-mail: armanissanov@mail.ru

**Sembekov A.K.**

d.e.s., professor

Karaganda University of Kazpotrebsoyuz

Karaganda, Kazakhstan

**Kolchin S.P.**

d.e.s., professor

REU named after G.V. Plekhanov

Moscow, Russian Federation

## THE RELATIONSHIP BETWEEN THE BANKING SECTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE REAL SECTOR OF THE ECONOMY AND ITS ANALYSIS

**Abstract.** *As part of this study, we intend to conduct a deep and comprehensive analysis of key economic indicators, such as the scale of lending, gross domestic product (GDP), and financing and lending to small and medium-sized businesses and private citizens of Kazakhstan. Special attention will be paid to transactions in national and foreign currencies, which will allow us to assess the state of our economy more accurately.*

*The purpose of the study is to provide recommendations on improving interaction based on emerging problems, along with determining the levels of development for the current period through the study and analysis of financial and economic relations between the banking sector of Kazakhstan and the real sector of the economy.*

*The study used methods of comparison, quantitative and graphical representation, generalization based on scientific research, and expert assessments.*

*The results of the study indicate that despite all efforts, high interest rates on problem loans and a significant portion of such loans continue to disrupt the interaction between the banking system and the real economy. The comparative analysis has revealed the potential for improvement, and this potential must be realized in the interests of the future of Kazakhstan.*

**Keywords:** *banking sector, real sector, economy, Kazakhstan, lending, GDP, financial stability.*